

**ЖШС «Жоғары
технологиялар институты»**

161005, Қазақстан Республикасы
Түркістан облысы, Созақ ауданы
Сызған ауылдық округі, Сызған ауылы
079 квартал, 5 ғимарат
Тел.: +(727)343-61-45
E-mail: hightech.iht@iht.kazatomprom.kz



**ТОО «Институт
высоких технологий»**

161005, Республика Казахстан,
Туркестанская область, Сузакский район
Сызганский сельский округ, село Сызган
Квартал 079, здание 5
Тел.: +(727)343-61-45
E-mail: hightech.iht@iht.kazatomprom.kz

№ _____ от « ____ » _____ 20 ____ г.

**"ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ" ЖШС МЕНЕДЖМЕНТТІҢ
ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

Қазақстанның атом саласының стратегиялық міндеттерін - саланы инновациялық дамыту және технологиялық жаңарту, шығарылатын ғылымды қажетсінетін өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін көтеру, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешу үшін "Жоғары технологиялар институты" ЖШС (бұдан әрі-"ЖТ" ЖШС) "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-да 2002 жылғы 05 ақпанда (занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 45641-1910-ТОО, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік №574-1910-02-ТОО, 02.05.2012 ж.) құрылды.

"ЖТИ" ЖШС жалғыз құрылтайшысы - "100% қатысымы бар "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ.

"ЖТИ" ЖШС миссиясы - табиғи уран өндірудің өзіндік құнын азайтуға және "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ өндірісінің тиімділігін арттыруға жаңа ғылыми әзірлемелердің елеулі үлесін қамтамасыз ету.

"ЖТИ" ЖШС көрсетілетін қызметтің сапасына қатысты талаптарды сақтау, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін қызметкерлер мен басқа да мүдделі тараптар алдындағы өзінің жауапкершілігін толық көлемде түсінеді.

"ЖТИ" ЖШС басшылығы көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғауды, еңбек қауіпсіздігін және денсаулықты қорғауды өз қызметінің басым элементтері деп санайды, ол үшін ҚР СТ ISO 9001-2016, ҚР СТ ISO 14001-2016, ҚР СТ ISO 45001-2019 стандарттарының талаптарына сәйкес келетін интеграцияланған менеджмент жүйесін қолдайды және дамытады.

Көрсетілетін қызметтер сапасының, қоршаған ортаны қорғаудың, еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғаудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге арналған негізгі бағыттар мен басымдықтар:

- интеграцияланған менеджмент жүйесінің толық сәйкестігі және оны үздіксіз жетілдіру;
- тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру, сонымен қатар тұтынушылардың талаптары мен үміттерінен асып түсуге тырысу;
- персоналдың нормативтік және заңнамалық құжаттамада белгіленген талаптарды, оның ішінде санитарлық-гигиеналық нормалар мен қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау;
- сапа және қауіпсіздік мәселелерін шешуде басымдықпен ең заманауи ғылыми-техникалық және технологиялық талаптарға сәйкес келетін технологиялық жобаларды әзірлеу;
- еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты қорғау саласындағы көрсеткіштерді тұрақты жақсартуды қамтамасыз ету және өндірістік қызметпен байланысты өрттердің, жол-көлік оқиғаларының туындау қатерлерін азайту;
- қоршаған ортаны, оған теріс әсер етудің алдын алу немесе азайту арқылы қорғау;
- клиентпен және іскери серіктестермен тұрақты іскерлік және достық қарым-қатынасты сақтау;
- барлық деңгейдегі қызметкерлерді үздіксіз оқыту және олардың кәсіби білімін арттыру, олардың біліктілігін жоғары деңгейде ұстап тұру;
- корпоративтік басқару нысандарын жетілдіру, қызметкерлердің білімін, қабілеттері мен дағдыларын ұтымды орналастыру және тиімді пайдалану, басқарудың ақпараттық жүйесін жетілдіру және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін жинақталған білім базасын тиімді пайдалану.

Бас директор

Медео Р. К.

0000915